

«Хадиша ана» бөбекжай-бақшасы меңгеруші жанындағы

**2023-2024 оқу жылына арналған кеңес отырысының
хаттамасы № 1**

Жаңа Шілік ауылы

04.09.2023 жыл

Қатысуға тиіс: 23

Қатысқаны: 20

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. *Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру.*
2. *Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы.*
3. *Жұмыс уақытысыменен сабақ кестесін құру.*
4. *Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу.*

Тыңдалды :

1 – мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Н.Омарова құжаттардың жүйелілігін, реттілігін тексергендігін айтып өтті. Яғни, балабақша тәрбиешілерінің және қызметкерлерінің өздеріне тиісті журнал, іс – қағаздарының, күнделікті сабақ жоспарларының, айлық, жылдық жоспарларының, тәрбиеленушілердің жеке іс - құжаттарын жүйелігін айтты.

2 – мәселе бойынша шаршуашылық меңгерушісі : Жаңа оқу жылының басталуына байланысты балабақшамызда үлкен жұмыстар жүргізілді. Әр топтың тазалығы, мүліктерінің сапалылығы, ыдыс, төсек орныдарының жайлылығын ретке келтірдік. Алдымен топтағы жиһаздардың құрамы, орналасуы, бүтіндігі қаралады. Ыдыс – аяқтың толықтығы, сынғандары болса ауыстырылды. Жатын бөлменің жабдықтарын түгендеп, ол бөлменің жарық, жылы болуын қадағаладық. Сабақ өтетін парталарға жарықтың түсуіне, гүлдердің көп болуына үлкен мән бердік. Балалардың ән мен дене, би сабақтарына баратын бөлмелердің де жағдайлары толық қарастырылды. Сондай – ақ ас мәзірінің сапасы, әрі уақытылы берілуін қатаң бақылау жұмыстары жүргізілгендігін айтты.

3 – мәселе бойынша балабақша әдіскері Топтардағы тәрбиешілердің сабақ кестесін, жұмыс уақытын белгілеп бекіттік. Тәрбиешілер қолдарына бекітілген сабақ кестелері бойынша жұмыстарын жүргізеді. Тәрбиешілер күнделікті берілген тапсырманы уақытысында орындайды. Жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарап, уақытысымен келеді.

4 – мәселе бойынша «Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысы жүргізілді», - деді балабақша меңгерушісі. Балаларға қажетті оқу құралдары түгелденді. Әр топ балалардың денсаулығы, оқуға қабілеттері бақыланды. «Ақкөгершін» тобының балаларының сабаққа деген қызығушылықтары жақсы. Барлығы қалам ұстай алады. Оқу құралдарын дұрыс қолдана алады. Сөйлеуді дамыту оқу іс – әрекеті бойынша балалардың білім деңгейлері анықталды.

Шешімі:

1. Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру балабақша меңгерушісіне жүктелсін.
2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы балабақша шаруашылығы бөлімінің басшысы жүктелсін.
3. Жұмыс уақытысыменен сабақ кестесін құру құрылды және оқу құжаттардың жүргізілуіне балабақша әдіскері жауапты болып табылсын.
4. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу нәтижесі қанағаттанарлық болып табылды.



Кенес төрайымы:
Хатшы:

Н.Омарова
А.Туленова

Н.Омарова
А.Туленова

**«Хадиша ана» бөбекжай-бақшасы меңгеруші жанындағы
2023-2024 оқу жылына арналған кеңес отырысының
кеңестің №2 хаттамасы**

Қатысқаны-25

16.10.2023жыл

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Бөбекжай-бақшаның күн тәртібі шараларының орындалу деңгейі.
(Әдіскер: А.Туленова)
 2. «Қазақстан біздің ортақ үйіміз» мерекелік іс-шара жоспарын бекіту.
(Меңгеруші: Н.Омарова)
 3. Баланың психологиялық-физиологиялық денсаулығын жақсарту, сауықтыру-шынықтыру жұмыстарын жүргізу. (Педагог-психолог: Н.Омарова)
 4. Аттестация құжаттарын дайындау, аттестацияланатын қызметкерлер тізімін түзу. (Әдіскер: А.Туленова және Аттестация комиссиясы)
 5. Сауықтыру жұмысының орындалуы (таңертеңгі жаттығу)
(Медбике: Б.Абдигаппарова)
1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша әдіскері: А.Туленова сөз алды. Бөбекжай-бақшада күн тәртібі : «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық –эпидемиологиялық талаптар» санитарлық талаптар бойынша толық мәлімет берілді.
2. Меңгеруші Н.Омарова сөз алды. Өз сөзінде: биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 29 жыл толатынын. Осыған орай бұл мерекені биыл біз ерекше атап өтуіміз тиіс екенін және осы мерекеге байланысты жоспар түзіп, топтарға тапсырма беретінін айтты. Ертеңгіліктің жақсы өтілу барысын А.Ботабайғатапсырып, жалпы басшылықты әдіскер А.Туленоваға жүктеді. Әр топ тәрбиешілері өз тобында «Тәуелсіздік мерекесіне» байланысты ұлттық бұрыш ұйымдастыруын тапсырды.
3. Педагог-психолог : Н.Омарова Баланың психологиялық-физиологиялық денсаулығын жақсарту, сауықтыру-шынықтыру жұмыстарын жүргізу» тақырыбында сөз қозғады.
- Балалардың денсаулығына қамқорлық жасай отырып, оларды тазалыққа,

тәртіпке үйрете аламыз. Бүгінгі бала –ертеңгі болашағымыз. Балаға ата-аналары, тәрбиеші жылылық нұрын беріп, оған үлкен үмітпен қараса, өзінің денсаулығын шыңдап, білімін нығайтуға ұмытылған азамат дайындауға болады-деп сөзін аяқтады.

4. Төртінші мәселе бойынша әдіскер А.Туленова: Аттестация құжаттарын дайындау және аттестацияланатын қызметкерлер тізімін түзіп атап өтті

5. Бесінші мәселе «Бала денсаулығы үшін ертеңгі гимнастика» тақырыбында бақша медбикесі Б.Абдигаппарова баяндама оқыды. Баяндама барысында күнделікті балалардың тамақтану ережелері, дене жаттығуының адам денсаулығына пайдасы жайлы айтып өтті. Күнделікті таңғы жаттығулардың орындалуы баланың бойын сергітсе, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді. Түскі ұйқы барысында гигиеналық шараларды мұқият орындап, беті-қолдарын жуып, ұйқыға арналған киімдерін кигізіп, тазалыққа үйрету керектігін түсіндіріп айтты.



Н.Омарова
А.Туленова

Н.Омарова

А.Туленова